

6D110100 – Медицина мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жүректің туа біткен кардиоваскулярлы аурулары кезінде хирургиялық көмек көрсетуді жақсарту жолдары» тақырыбы бойынша

Кемельбеков Канатжан Сауханбековичтің диссертациялық жұмысына

**отандық ғылыми жетекшінің**

**ШҚІРІ**

К.С Кемельбековтің диссертациялық жұмысы жүректің туа біткен даму ақауларының перинаталды және ерте жастағы балалар өліміне маңыздылығын зерттеу және мамандандырылған медициналық көмек көрсету шараларын жетілдіруге бағытталған. Жүректің туа біткен даму ақаулары қазіргі таңда кең ауқымды таралуы мен ерте жастағы балалар арасында өлім көрсеткіші мен мүгедектікке жиі соқыруына байланысты медицинаның педиатрия мен кардиохирургия салаларында өзекті мәселе болып саналады. Жүрек пен қан тамырларының туа біткен даму ақауларынан болған өлім көрсеткішінің жас ерекшеліктерінің құрылымы бойынша негізгі бөлігін бір жасқа дейінгі балалар құраса, оның жартысынан астамы неонатальды кезеңдегі нәрестелердің үлесінде. Туа біткен кардиоваскулярлы даму ақаулары бар нәрестелердің арасында өлім көрсеткішін төмендету мен өмір сүру қалпын жақсарту жағдайлары балалар кардиохирургиясында шешімі қиын мәселе ретінде қарастырылуда және оны шешу туралы көптеген көзқарастар қарама-қайшы пікірлермен шектелуде.

Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді, автор алғаш рет Жамбыл облысындағы нәрестелер мен бір жасқа дейінгі балалар арасында кешенді скрингтік зерттеу барысында жүрек пен қан тамырлардың туа біткен даму ақауларының таралу мен құрылымдық айырмашылықтары, соның ішінде жекелеген ақаулық түрлері (жүрекше және қарынша аралық қалқаның ақаулықтары) туралы мәліметтер жинақталды. Туа біткен кардиоваскулярлы даму ақауларын туындататын: медико-биологиялық, әлеуметтік-гигиеналық қауіп факторлардың әсерлері анықталды. Шала туылған нәрестелердегі ашық артериалды өзекшені хирургиялық жолмен «лигирлеу» арқылы емдеу тәсілі асқынулар мен операциядан кейінгі өлім көрсеткішінің төмендетуі арқылы хирургиялық көмек көрсетудегі негізгі жақсарту жолын ұсынды.

Докторант ғылыми жұмыстарында заманауы зерттеу әдістерін тиімді қолдана білуі мен алынған мәліметтерге биостатистикалық талдауларды нақты жүргізу барысында көздеген нәтижелерге жете білді және арнайы заңдылықтырмен байланыстырды. Яғни, жыл сайынғы балалар арасында жүрек пен қан тамырлардың туа біткен даму ақауларының артуы, жүктіктілік кезінде кеш диагностикалау, медико-биологиялық, әлеуметтік-гигиеналық қауіп факторлардың әсерлерінің арта түсуі және нәрестелер мен ерте жастағы балаларға хирургиялық көмек көрсету шараларының дұрыс ұйымдастырылмауы.

Ғылыми зерттеу жұмыстары Тараз қаласындағы Ғылыми-клиникалық кардиохирургия және трансплантология орталығы, Облыстық перинатальды

орталық және Алматы қаласындағы «Педиатрия және балалар хирургиясы Ғылыми зерттеу институтында (бөлімшелер, мұрағат, клиникалық зертханасы және функционалды диагностикалық кабинеттер) жүргізілді.

К.С.Кемельбековтің диссертациялық жұмысының тәжірибелік маңыздылығы өте құнды. Бір жасқа дейінгі балалар арасында туа біткен кардиоваскулярлы даму ақауларының таралуы мен құрылымы және қауіп факторлары туралы деректер өңірлік кардиохирургиялық көмекті жақсартуға бағытталған бағдарламаны дамыту үшін негіз бола алады.

Диссертация нәтижелеріне байланысты 8 басылым, оның ішінде ҚР БҒМ білім және ғылым саласында бақылау Комитеті ұсынған журналдарда 3 мақала, 4 шетелдік және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар (Австрияда және Ресейде) жинағында, 1 басылым Scopus дерекқор қатарына кіретін шетелдік Research Journal of Medical Science журналында жарияланды.

Сонымен, Кемельбеков Канатжан Сауханбековичтің «Жүректің туа біткен кардиоваскулярлы аурулары кезінде хирургиялық көмек көрсетуді жақсарту жолдары» тақырыбы бойынша докторлық диссертациясы ғылыми жаңалығымен, тәжірибелік құндылығымен ерекшелене отырып, ҚР БҒМ білім және ғылым саласында бақылау Комитеті ұсынған талаптарға сәйкес болуына орай 6D110100 – Медицина мамандығы бойынша Диссертациялық кеңеске қорғауға ұсынылуға лайықты.

Отандық ғылыми жетекші,  
медицина ғылымдарының докторы,  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Шымкент  
медицина институтының «Травматология,  
ортопедия және онкология» кафедрасының  
меңгерушісі :

 Баймагамбетов А.К.

Отандық ғылыми жетекші,  
медицина ғылымдарының докторы,  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Шымкент медицина  
институтының «Травматология, ортопедия  
және онкология» кафедрасының меңгерушісі  
Баймагамбетов А.К қолын растаймын,  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ,  
кадр бөлімінің басшысы:

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2016 жыл

